



2022 жыл

№1 педагогикалық кеңесте бекітілді
Ажигулова А.К.

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы
Музыка іс-әрекетінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасын іске асыру бойынша 2022-2023 оқу жылының жылдық
перспективалық жоспары
Аралас ересек «Айгөлек» тобы**

Аралас Ересек «Айгөлек» тобының перспективалық жоспары

Айы	Ұйымдастырылған іс-шараның	Ұйымдастырылған іс-шараның міндеттері
Қазан	Музыка	Музыка тыңдау : Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету. (ақырын, баяу, қатты, жылдам) Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтаға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. (ре-си бірінші октава шегінде) Билер: жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау.
Қараша	Музыка	Музыка тыңдау : Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.
Желтоқсан	Музыка	Музыкалық - ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспеден кейін қимылдарды бастау.
Қаңтар	Музыка	Музыкалық - ырғақтық қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Билер: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен қимылдарын орындау.
Ақпан	Музыка	Музыкалық - ырғақтық қимылдар: музыканың көңілді ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Билер: Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.

Наурыз	Музыка	Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалармен музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер: музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.
Сәуір	Музыка	Музыка - ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспеден кейін қимылдарды бастау. музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.
Мамыр	Музыка	Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтаға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлесіріп айтуды қалыптастыру. (ре-си бірінші октава шегінде) Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүймелдеуімен және сүймелдеуінсіз ән айтуға баулу. Билер: Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Өткенді қайталау.